

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылының солтүстік-батысына қарай 3,8 км жерде орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы Сарыөзек өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 467 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 8060 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                            е ск е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-балтарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Мыналар:**

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылының солтүстік-батысына қарай 3,8 км жерде орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы (05-079-009 есеп кварталы) Сарыөзек өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылының солтүстік-батысына қарай 3,8 км жерде орналасқан жер учаскесі тұстамасындағы (05-079-009 есеп кварталы) Сарыөзек өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылық пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысы әкімі*

*Д. Ахметов*

**"КЕЛЕСІЛДІ"**

**Қазақстан**

**Республикасы**

Экология, геология

және табиғи ресурстар

министрлігі

**Су**

ресурсстары

комитетінің

Су ресурстарын

пайдалануды

реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс

жөніндегі

бассейндік

инспекциясы

басшысының

міндетін

атқарушы

2020 жылғы " — "

**М.**

**Иманжанов**

**Шығыс Қазақстан**

**облысы әкімдігінің**

**2020 жылғы 24 желтоқсандағы**

**№ 467 қаулысына қосымша**

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылының  
солтүстік-батысына қарай 3,8 км жерде орналасқан жер участкесі  
тұстамасындағы (05-079-009 есеп кварталы) Сарыөзек өзенінің су қорғау  
аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Алмасай ауылының солтүстік-батысына қарай 3,8 км жерде орналасқан жер участкесі тұстамасындағы (05-079-009 есеп кварталы) Сарыөзек өзеніні (сол жақ жағалау)	3,6	154,3252	500	3,6	12,1267	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық күжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК